

«El Umiti» қоры» корпоративтік қоры

«Педагогтің психоэмоционалдық және этикалық құзыреттілігі:
түсінуден өзара әрекеттестікке дейін»
педагогтердің біліктілігін арттыру курсына арналған білім беру бағдарламасы

Астана, 2025

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Глоссарий.....	4
3. Бағдарлама тақырыбы.....	8
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	10
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	11
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....	18
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	18
8. Оқу нәтижелерін бағалау	19
9. Курстан кейінгі қолдау.....	20
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	20

1. Жалпы ережелер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курсына арналған білім беру бағдарламасы «Педагогтің психоэмоционалдық және этикалық құзыреттілігі: түсінуден өзара әрекеттестікке дейін» (бұдан әрі – Бағдарлама) педагогтерді оқытуды реттейді: бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары, арнайы ұйымдар мен қосымша білім беру ұйымдары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін, қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын топтарға арналған.

Қазіргі заманғы сын-қатерлер педагогтен тек пәндік біліммен шектелмей, эмоционалдық интеллекті дамыған, икемді қарым-қатынас жасай алатын, әртүрлі жас және әлеуметтік топтағы білім алушылармен жұмыс істеуді меңгерген, ата-аналармен және әріптестерімен сындарлы байланыс орната алатын маман болуды талап етеді. Психологиялық жүктемелер мен әлеуметтік шиеленіс деңгейінің арту жағдайында педагогтің өз жағдайын басқару, қарым-қатынасты саналы түрде құру, стигматизациялық тәжірибелер мен этикалық нормаларды бұзудан аулақ болу дағдыларының болуы ерекше маңызды.

Бағдарламаның өзектілігі халықаралық зерттеулермен де, мемлекеттік стратегиялық құжаттармен де расталады. TALIS (OECD) халықаралық зерттеуінің нәтижелеріне сәйкес, көптеген елдердің педагогтері эмоционалдық құзыреттілікті дамытуға, оқушылардың мінез-құлқымен жұмыс істеуге, кәсіби күйзелуді азайтуға және мектеп ішіндегі ахуалды жақсартуға қажеттілікті атап көрсеткен. БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының 4-мақсаты инклюзивті, әділетті және сапалы білім берудің, сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетін арттырудың қоғамның тұрақты дамуы үшін шешуші фактор екенін баса көрсетеді.

Ұлттық контексте бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 5-басыты бағыты – «Жаңа қазақстандық ұрпақты тәрбиелеу» талаптарына толықтай сәйкес келеді. Құжатта оқушылардың жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарын қалыптастыру, эмоционалдық интеллектті дамыту, мектеп пен ата-аналар арасындағы серіктестікті нығайту, сондай-ақ барлық білім беру деңгейлерінде құндылыққа негізделген тәсілді енгізу қажеттігі айтылған. Тұжырымдамада тәрбие жұмысына әдістемелік және кадрлық қолдау көрсету, педагогтерді ата-аналармен өзара әрекетке, сыныпты басқаруға, әлеуметтік және эмоционалдық сауаттылықты дамытуға даярлау ерекше назарда тұр. Бұл бағдарлама осы міндеттермен тікелей сабақтас.

Бағдарлама педагогтердің келесі икемді (soft skills) дағдыларын дамытуға бағытталған: эмпатия, рефлексия, күйзеліске төзімділік, өзін-өзі реттеу, сондай-ақ оқушылардың жас ерекшеліктері мен олардың дағдарыстық кезеңдерін түсіну.

Технологияның қарқынды дамуы мен еңбек нарығының трансформациясы жағдайында педагогтерді өзгерістерге бейімдеуге үйрету — білім беру саясатының ажырамас бөлігіне айналуға. Дүниежүзілік экономикалық форумның 2025 жылғы Future of Jobs Report баяндамасына сәйкес, алдағы бес жылда жаһандық экономикадағы негізгі дағдылардың шамамен 40%-ы өзгереді. Бұл білім беру мазмұны мен педагогтерді даярлау тәсілдеріне де қайта қарау қажеттігін көрсетеді. Алгоритмдік ойлау, сұраныстарды құрастыру, алгоритмдер мен деректер бұрмалануының себептерін түсіну секілді техникалық дағдылар маңызды болғанымен, автоматтандыруға көнбейтін адами дағдылар — эмпатия, этикалық пайым, ынтымақтастыққа бейімділік, сыни ойлау және саналы рефлексия — одан да өзекті бола түсуде.

Бұл акценттер халықаралық AILit Framework бастамасында көрініс тапқан. Бұл бастама жасанды интеллект дәуірінде білім беруге этикаға негізделген және құзыреттілікке бағытталған тәсілді ұсынады. Оның өзегінде — технология тұтынушылары емес, жауапты, сыншыл ойлай алатын және этикалық тұрақты тұлғаларды тәрбиелеу идеясы жатыр. Мұндай тұлғалар болашақ қоғам мен білім беруді қалыптастыруға қабілетті. Бұл біліктілік арттыру бағдарламасы аталған қағидаттарды стратегиялық бағдар ретінде қабылдай отырып, икемді, эмпатиялық, құндылыққа негізделген және белгісіздік жағдайында жұмыс істеуге дайын жаңа буын педагогтерін даярлауға бағытталған.

Бағдарламаның маңыздылығын «El Umiti» Корпоративтік қоры (2025 ж.) жүргізген зерттеу нәтижелері де растайды: 2000 педагогтің ішінде 66%-ы жеке өсу мен кәсіби өзара әрекет сапасын арттыруға қажетті икемді дағдыларды дамытуға жоғары қажеттілік бар екенін көрсетті.

2. Глоссарий

Акселерация	(лат. acceleratio — жеделдету) — бұл алдыңғы буындармен салыстырғанда балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуының жеделдетілуімен сипатталатын үдеріс
Ассертивтік	өз мінез-құлқын өз бетінше реттей білу және басқа адамдардың бағалары мен ықпалына қарамастан оған жауап бере білу, өзіне сенімділік дағдысы
Әлеуметтік жетімділік	ата-ана құқықтарынан айыру нәтижесінде балалар ата-аналарының қамқорлығынсыз қалатын әлеуметтік құбылыс

Бірігу	бұл бөліктерді біртұтас тұтастыққа біріктіру үдерісі
Дағдарыс	бұл қоршаған ортаның әсер етуі нәтижесінде пайда болған адамның ішкі психоэмоционалды теңгеріміндегі немесе энергетикалық тепе-теңдігіндегі өзгерістермен байланысты өтпелі кезең жағдайы
Дағды	қайталау арқылы қалыптасқан және автоматтылыққа жеткізілген шеберлік
Дистресс	адамның психофизиологиялық функцияларын нашарлататын деструктивті үдеріс болып табылатын күйзелістің теріс түрі
Дихотомиялық ойлау	кұбылыстар мен олардың қасиеттерін қарама-қарсы белгілерге сәйкес бөлетін ойлау түрі (жағдайды «өте нашар» немесе «өте жақсы» қағидаты бойынша қарастыру)
Жағдаятты-тұлғалық қатысым	баланың ересектермен қарым-қатынастың алғашқы байқалатын нысаны
Жасөспірімдік шак	бұл балалықтан естиярлыққа дейінгі өтпелі жас, оның барысында дене биологиялық жыныстық жетілуге жетеді
Жүйке бұзылуы	ауыр және ұзаққа созылған күйзеліс жағдайларға байланысты жүйке жүйесінің шамадан тыс сарқылуынан туындаған бұзылыс
Инклюзия	дене және ақыл-ой дамуында қиындықтары бар азаматтардың қоғамға белсенді қатысуын арттыру және қолдау
Интервенция	араласу (бұл жағдайда білім беру мекемелері өкілдерінің оқушылардың отбасы қатынастарына араласуы)
Иесіздендіру	өз олқылығын сезіну және сана-сезімнің бұзылуы байқалатын психологиялық жай-күй
Кейс-менеджмент	сапалы және тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін қатысым және қол жетімді ресурстарды іздеу арқылы жүзеге асырылатын клиенттің қажеттіліктеріне сәйкес қызметтерді алуға бағалау, жоспарлау, көмек және қолдау біріктірілген үдеріс ¹

¹ Американың Кейс-менеджмент Қоғамының анықтамасы бойынша (Cast Management Society of America)

Когнитивтік икемділік	адамның өзгерістерге бейімделу, дұрыс шешімді тез табу, стратегиялық ойлау және жағдайды әр түрлі жағынан көру қабілеті
Когнитивтік эмпатия	адамның өзін басқа адамның орнына қою арқылы оның көзқарасын түсіну қабілеті болып табылатын зияткерлік үдеріс
Кортизол	негізгі күйзеліс гормоны, қорқыныш, көңіл-күйдің, уәждеменің өзгеруі есебінен қандағы қант деңгейін жоғарылатады
Құзырет	белгілі бір қызметті сапалы жүзеге асыру үшін қажетті білімдердің, біліктердің және дағдылардың жиынтығы
Мағыналық тосқауыл феномені	адамдар арасында туындайтын өзара түсініспеушілік, оның себебі адамдарда бір оқиғаға, мәселеге және т.б. қатысты әртүрлі мағынаның қалыптасуы және қолдауы болып табылады
Маңыздану	адамның жеке әлеуетін барынша ашуға қол жеткізу үдерісі, оның туа біткен ішкі қабілеттерін, дарындарын жүзеге асыру
Нонконформист	қандай да бір қоғамда үстемдік ететін тәртіпті, құндылықтарды, нормаларды және т.б. қабылдамауды жақтаушы.
Норадреналин	қимыл белсенділігінің артуына ықпал ететін, ми белсенділігі мен сенсорлық қабылдауға әсер ететін гормон
Өзіндік мониторинг	өзін, өз іс-әрекетін сырттан көру, оларды парасатты бағалау және оларға жауап беру қабілетін дамытуды көздейтін үдеріс
Перцептивті кедергі	қабылдау кедергісі
Психофизиологиялық ерекшеліктер	жасына қарай өзгеруге бейім емес және ойлау- сөйлеу әрекетінің жылдамдығында, ақыл-ой белсенділігінің өнімділігінде байқалатын адамның табиғи ерекшеліктері
Ретардация	(лат. retardatio – баяулау, кешеуіл) акселерацияға карама-қарсы үдеріс
Резистенттілік	ағзаның оған сырттан келетін зиянды әсерлерге қарсы тұру қабілеті

Секемшілдік	сыртқы әсерлерге жоғары сезімталдықпен айырықшаланатын адамның ерекшелігі
Сенсомоторика	бұл қызметтің сенсорлық және моторлық құрауыштарының өзара әрекеттесу үдерісі
Сезімдер	егер эмоциялар адаммен қазіргі уақытта не болып жатқанға қатынасын көрсетсе, онда сезімдер адамның өзі үшін қандай да бір жеке маңызды объектіге немесе жағдайға деген тұрақты көзқарасын көрсетеді ²
Стигматизация	жеке адамды (немесе топты) ерекшелік белгісі бойынша қоғамнан алып тастау және осыған байланысты осы жеке адамға (топқа) әлеуметтік реакциялар жиынтығының таптауы ³
Супервизия	жұмысқа және кәсіби қызметке байланысты мәселелерде консультациялық қолдау
Тиімді ойлау	логикалық негізделген, пайдалы және дұрыс тұжырымдарға келу білігі
Ури Бронфенбреннердің экологиялық жүйелер теориясы	балалардың дамуын анықтау және зерттеу үшін Ури Бронфенбреннер ұсынған әлеуметтену теориясы
Шаршау	қызметпен байланысты синдром, эмоционалды сарқылумен, иесіздендірумен және жеке тиімділіктің төмендеуімен сипатталады ⁴
ЭЗӘ	эмоционалдық зиятты өлшеуге арналған психодиагностикалық әдістеме
Экзистенциализм	тұлғаны әлемнің ең жоғары құндылығы деп танитын және әр адамның бірегейлігін жариялайтын философияның бір бағыты; адамның өзін, оның мәселелері мен қиындықтарын, қоршаған әлемде бірге өмір сүруін зерттеуге бағытталған
Эмпатия	басқа адамдардың сезімдерін тану, сезіну және түсіну қабілеті

² Саенко Ю.В. Регуляция эмоций: тренинги управления чувствами и настроениями. – СПб.: Речь, 2010. – 232 б.

³ Кабанов М., Ломанчиков А., Коцюбинский А., Бурковский Г., Юрьев А. Уменьшение стигматизации и дискриминации в отношении психически больных, <http://www.autism.ru/read.asp?id=6&vol=0> > 2020 жылғы 7 қазаннан қолжетімді.

⁴ Maslach, C., Schaufeli, W. B. & Leiter, M. P. (2001). Job burnout. Annual Review of Psychology, 53, 397-422.

Эмоционалдық зият	өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын, уәждемесін, тілектері мен ниеттерін анықтау және түсіну қабілеті, сондай-ақ кез келген міндеттерді шешу мақсатында оларды бақылау білігі
Эмоциялар	бұл адамның айналасында болып жатқан оқиғаларға әрекет етуі. Олар қоршаған ортадағы өзгерістерге байланысты өзгеруі мүмкін. Эмоциялар адамның айналасында болып жатқандарға субъективті бағалауын көрсетеді ⁵
Эмоционалдық шаршау	адамның күнделікті өмірінде теріс өзгерістерге әкелетін эмоционалды, физикалық және уәждемелік сарқылу арқылы көрінетін жағдай
Эмоционалды эмпатия	адамның басқа адамдардың эмоциялары мен сезімдерін сезіну қабілеті
Эмпатиялық қамқорлық	эмпатияның көріністерінің бірі, оның негізінде қамқорлық білдіруге және көмек көрсетуге итермелейтін басқа адамға деген жанашырлық сезімі жатыр
Hard skills (тұрақты дағдылар)	өлшеуге, көрсетуге және бағалауға болатын кәсіби, техникалық дағдылар
Soft skills (ікемді дағдылар)	жеке қасиеттермен тығыз байланысты, кез-келген кәсіпте қандай да бір маңызды жалпы сипаттағы біліктер кешені

3. Бағдарлама тақырыбы

1-модуль Стигматизация теориясы және оның педагогикалық әдеп нормаларымен/принциптерімен өзара байланысы	1- тақырып. Стигма түсінігі. Стигматизация аспектілері.
	2- тақырып. Стигматизация теориясы мен инклюзивті білім беру саласындағы педагогикалық әдеп принциптерінің өзара байланысы. Мектеп оқушылары үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырудың маңыздылығы.
	3- тақырып. Стигматизацияны алдын-алу және салдары. Қайталама стигма.
	4- тақырып. Стигматизация теориясы мен мұғалімнің этикалық нормаларының байланысы.

⁵ Гершун В.И. Популярная валеология. Эмоции и здоровье. – Қостанай: Қостанай баспа үйі, 2003. – 124 б.

	Стигматизациялық емес өрнектер.
2-модуль Эмоциялық интеллект пен эмпатия: стресс пен дамуды басқару негіздері	1- тақырып. Эмоциялық интеллект (EQ) дегеніміз не және оның адам үшін маңызы қандай? Эмоциялық интеллектінің (ЭИ) 3 моделі және эмоциялық интеллектінің негізгі дағдылары.
	2- тақырып. Негізгі эмоциялар. Өз эмоцияларыңды сезіну. Эмоциялық интеллектінің дамуы неден басталады? Өз эмоцияларыңды басқару алгоритмі.
	3- тақырып. Басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және сезіну. Эмпатия.
3-модуль Әр түрлі жастағы балалардың психофизиологиялық және когнитивтік даму ерекшеліктері, балалардың дамуындағы дағдарыстар	1- тақырып. Әр түрлі жас кезеңдеріндегі балалардың психофизиологиялық және когнитивтік даму ерекшеліктерінің теория негіздері.
	2- тақырып. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психофизиологиялық даму ерекшеліктері. Бастауыш мектеп жасындағы дағдарыс.
	3- тақырып. Ерте жасөспірімдік жастың психофизикалық даму ерекшеліктері. ерте жасөспірімдік жастың дағдарыстары.
4-модуль Отбасымен жұмыс жасау дағдылары. Білім беру ортасындағы кейс-менеджмент	1- тақырып. Кейс-менеджмент анықтамасы. Қазіргі педагогикалық теориялар педагог пен отбасы арасындағы қарым-қатынастың негізі ретінде.
	2- тақырып. Кейс-менеджмент педагог жұмысының формасы мен құралы ретінде. Кейс-менеджмент кезеңдері: бастапқы бағалау, бағалау
	3- тақырып. Кейс-менеджмент кезеңдері: жоспарлау, жоспарды іске асыру, оқиғаны жабу, мониторинг. Отбасымен жұмыс кезіндегі ықтимал қиындықтар

Бағдарламаның тақырыптық бағыттары қазіргі білім беру контексіндегі педагогтердің кәсіби дамуының өзекті бағыттарын және қауіпсіз, инклюзивті, құндылыққа негізделген білім беру ортасына деген қоғамдық сұранысты көрсетеді. Бағдарлама төрт мазмұндық блокты қамтиды:

1. стигматизация теориясы және оның педагогикалық этикамен байланысы;
2. эмоционалдық интеллектті дамыту және күйзелісті басқару;
3. білім алушылардың жас ерекшеліктері мен когнитивтік даму сипаттары;
4. отбасымен өзара әрекеттесу дағдылары (кейс-менеджмент қағидаттары негізінде).

Бағдарламаны әзірлеу барысында білім беру ұйымдарының ашық дерекқорларында орналастырылған педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының мазмұнына талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде, тақырыптық жағынан ұқсас курстардың бар екендігіне қарамастан, олардың басым бөлігі педагогтің кәсіби дамуының психологиялық, этикалық және әлеуметтанулық-мәдени аспектілерін біртұтас біріктіретін кешенді тәсілді ұсынбайтыны анықталды.

Бағдарламаның жаңашылдығы – негізгі тақырыптарды біртұтас логикалық құрылымға біріктіру арқылы педагогтің тұлғалық тұрақтылығын және рефлексивтік дағдыларын дамытумен қатар, білім алушыларды құндылыққа негізделген сүйемелдеуді қамтамасыз етуге бағытталған. Бағдарламаның мазмұны педагогтерге этикалық өзара әрекеттесудің заманауи құралдарын меңгеруге ғана емес, сондай-ақ дағдарыстық және қақтығыстық жағдайларда тұрақты әрекет ету стратегияларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама білім беру жүйесінің өзекті міндеттерін ескере отырып әзірленген. Атап айтқанда:

- кәсіби күйзелудің алдын алу,
- психологиялық-педагогикалық қолдауды күшейту,
- педагогтің мектеп ортасы, отбасы және қоғам арасындағы медиатор ретіндегі рөлін терең түсінуге жәрдемдесу.

Білімнің практикалық қолданылымына ерекше назар аударылған: мазмұнға нақты кәсіби жағдайлардың кейстері, типтік жағдаяттарды талдау, өзін-өзі талдауға арналған құралдар және білім беру процесінің қатысушыларымен өзара іс-қимыл стратегиялары енгізілген.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – педагогтердің білім беру процесіндегі эмоционалдық интеллект пен кәсіби этиканың рөлі туралы жүйелі түсінігін қалыптастыру, сондай-ақ білім алушылармен тұрақты әрі құрметке негізделген өзара әрекеттесу дағдыларын нығайту.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар, эмоционалдық интеллект, педагогикалық этика және білім алушылардың даму ерекшеліктері бойынша негізгі ұғымдарды меңгеру.

2. Эмоционалдық тұрақтылық пен білім алушылармен тиімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға арналған практикалық құралдар мен тәсілдерді игеру.

3. Педагогтің кәсіби тұрақтылығы мен жауапкершілігін нығайтатын тұлғалық қасиеттері мен кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ету.

4. Қолайлы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру шарттары ретінде эмоционалдық интеллект пен этикалық коммуникацияның маңыздылығын ашу.

Күтілетін нәтижелер:

1. Эмоционалдық интеллект, этикалық мінез-құлық және білім алушылардың жас ерекшеліктеріне негізделген негізгі ұғымдар мен қағидаларды біледі.

2. Әлеуметтік-эмоционалдық даму құралдарын, сондай-ақ оқушылармен және олардың отбасыларымен эмпатиялық әрі құрметке негізделген қарым-қатынас практикасын қолдана алады.

3. Білім беру процесінде балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін, психофизиологиялық және мінез-құлықтық сипаттарын түсінетіндігін көрсетеді.

4. Педагогикалық қызметте тұрақты және этикалық тұрғыдан дұрыс коммуникациялық модельдерді қолдануға дайындықтарын қалыптастырады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 4 модульден тұрады:

1-модуль. «Стигматизация теориясы және оның педагогикалық әдеп нормаларымен/принциптерімен өзара байланысы»

Модульдің мақсаттары мен міндеттері

1. Педагогтердің стигма мәселелерін түсінуін жақсарту, стигматизация мен кемсітушіліктің білім беру процесіне қатысушылардың әл-ауқатына теріс әсерін анықтау, ден қою және болдырмау үшін педагогтің этикалық нормаларымен және қағидаттарымен өзара байланыста стигматизацияның алдын алу мақсатында базалық білім мен дағдыларды (базалық құзыреттерді) қалыптастыру.

2. Стигма және стигматизация ұғымымен таныстыру, оның негізгі элементтері, себептері мен салдары;

3. Бағдарлама қатысушыларының кемсітушілікке және стигмаға мүлдем нөлдік төзімділігін қалыптастыруға ықпал ету;

4. Білім беру жүйесінде жазба белгілерді желімдеу тәжірибесін болдырмау мақсатында практикалық құралдар мен тәжірибелерді зерттеу.

Модуль бұл процесті адам немесе қоғам құрғанын, табиғи емес процесс екенін және адамдар арасындағы айырмашылықтар туралы қорқыныш пен білімнің болмауымен байланысты екенін түсіндіреді. Бұл модуль бойынша оқыту екі бөлімнен тұрады: теориялық және практикалық.

Теориялық негізге стигматизация, стигматизацияның элементтері, себептері мен салдары, стигматизация теориясының педагогикалық этиканың негізгі принциптерімен байланысы және стигматизацияның алдын-алу, рефлексия және жеке стереотиптер мен нанымдардың білім беру саласындағы жұмысқа әсерін түсіну үшін нақты құралдар кіреді.

Модуль бойынша оқыту интерактивті форматта жүргізіледі, онда теориялық ақпарат бірден практикалық жаттығулармен, топтық талқылаулармен және талқылаулармен бекітіледі. Практикалық құралдар болашақта практикада қолдануға болатын дайын тапсырмалар мен жаттығулармен ұсынылған.

Күтілетін нәтижелер

Модульдік курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

- Стигматизация теориясы, стигма, дискриминация, олардың себептері мен салдарын;
- педагогтың этикалық нормалары мен стигматизация теориясының өзара байланысын;
- дискриминация мен стигмаға нөлдік төзімділікті қалыптастыруға арналған практикалық құралдар мен тәжірибелерді біледі.
- білім беру жүйесінде жазба белгілерді желімдеу тәжірибесін болдырмау үшін практикалық құралдар мен практиканы тиімді пайдалануды;
- білім беру процесінің әрбір қатысушысының жеке басын тануды;
- оқу үрдісінің әр қатысушысының құқығын мойындау және зиян келтіргені үшін жауапкершілікті түсінуді (эмоционалды, психикалық, физикалық және т. б.);
- балалардың ата-аналарының, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың/қамқоршылардың сауаттылығын арттыруды қолдана алады.

2-модуль. «Эмоциялық интеллект пен эмпатия: стресс пен дамуды басқару негіздері»

Модульдің мақсаттары мен міндеттері

5. Эмоционалдық зият туралы түсінік, сондай-ақ жеке тұлғалық даму мақсатында өз эмоцияларын, эмпатия және ассертивтілік дағдылары түсіну және басқару үшін қажетті базалық білім мен құзыреттіліктерді қалыптастыру;

6. Тиімді қарым-қатынас және қақтығыстарды басқару дағдыларын алу үшін басқа адамдардың эмоцияларын жете түсіну және басқару мүмкіндігін ұсыну;

7. Қатысушыларды эмоционалды құзыреттілікті дамытудың базалық дағдыларына, өз эмоционалдық жағдайын басқару дағдыларына, күйзеліске төзімділік пен эмоционалды тұрақтылыққа, басқа адамдарды түсіну дағдыларына, олардың эмоцияларын түсінуге, басқа адамдардың эмоцияларын басқаруға үйрету;

8. Оқыту барысында алған біліктері мен дағдыларын бекіту.

Модуль эмоционалдық зият туралы түсінікті қалыптастыруға және оның маңыздылығын түсінуге бағытталған және екі негізгі бөліктен тұрады.

Оқу модулінің теориялық бөлігі эмоционалдық зият пен эмпатия, өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын танудың, өзінің «эмпатиялылығын» реттеудің және дамытудың негізгі дағдылары туралы түсініктерді ашады, практикалық бөлім эмоцияларды басқарудың, күйзеліске қарсы тұрудың және өзіндік дамудың әртүрлі құралдары мен тәжірибелерімен ұсынылған, бұл оның төрт негізгі құрауышын: өзін-өзі тану, өзін-өзі бақылау, эмпатия, қарым-қатынас дағдыларын түсіну және дамыту арқылы өзінің эмоционалдық зиятын басқаруға мүмкіндік береді.

Тренинг теориялық ақпарат бірден практикалық жаттығулармен, топтық пікірсайыстармен және талқылаулармен бекітіленетін интербелсенді форматта өткізіледі.

Күтілетін нәтижелер

Модульдік курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар

Біледі:

- эмоционалдық зият (ЭЗ) пен эмоционалдық құзыреттілік (ЭҚ) деген не;
- эмоцияның маңыздылығы мен мәнін; педагогтар үшін ЭҚ дағдысын меңгерудің маңызын;
- эмпатия мен ассертивтілік деген не, олар не үшін қажет;
- өз эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын жете түсіну әдістерін.

Істей алады:

- өзінің эмоционалдық ойөрісін кеңейте алады;
- «мен сезінетінді» және «басқа адам сезінетінді» жете түсіне алады;
- өзінің «эмпатиялылығын» реттей және дамыта алады;

- ассертивтілік дағдысын дамыта алады;
- өз эмоцияларын жете түсіну және басқару алгоритмдерін пайдалана алады;
- басқа адамдардың эмоцияларын жете түсіну және басқару алгоритмдерін пайдалана алады.

3-модуль. «Әр түрлі жастағы балалардың психофизиологиялық және когнитивтік даму ерекшеліктері, балалардың дамуындағы дағдарыстар»

Модульдің мақсаттары мен міндеттері

1. Дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі психофизиологиялық ерекшеліктер туралы білімді өзекті қылу және дағдарыс кезеңдерінің өту ерекшеліктерін жеңу үшін практикалық ұсыныстар беру.

2. Педагогтарды қазіргі жасөспірімдердің психологиялық сипаттамаларының алдыңғы буыннан айырмашылықтарын салыстырудың заманауи зерттеулерімен таныстыру;

3. Дамудың әр кезеңінде балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, soft skills дағдыларын қалыптастыру үшін балалар дамуының психофизиологиялық ерекшеліктері туралы теориялық білімді құрылымдау;

4. Мектеп жасындағы балалар дамуының дағдарыстық кезеңдерін жеңудің практикалық құралдарын беру.

Бұл модуль есеюдің әр түрлі кезеңдерінде балалардың мінез-құлқының себептері мен уәждері туралы түсінік қалыптастыруға және түсінуге көмектеседі, оған мыналар кіреді: қазіргі оқушылардың олардың ата-аналары буынымен салыстырғандағы психологиялық ерекшеліктерінің сипаттамасы және оқушылардың дамуының психофизиологиялық ерекшеліктері туралы теориялық білім. Физиологиялық өзгерістер мен дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі когнитивтік дағдыларды игеруді салыстыру кесте түрінде ұсынылған, бұл ақпаратты қолдануға ыңғайлы етеді. Балалардың дамуындағы дағдарыс кезеңдерінің сипаттамасында мамандар мен ата-аналарға арналған практикалық ұсыныстар қамтылған.

Бұл курстың ерекшелігі - оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып таңдалған жаттығулар түріндегі теориялық білім мен практикалық құралдардың үйлесімі. Теориялық білімді өзектендіру үшін интербелсенді әдістер қолданылады: ми шабуылы, пікірталас, рөлдік ойындар, топтық жұмыс.

Күтілетін нәтижелер

Модульдік курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар

Біледі:

- қазіргі жасөспірімдердің психологиялық сипаттамаларының алдыңғы буыннан айырықша ерекшеліктерін;

- дамыту, танымдық іс-әрекет, оқыту ұғымдардың анықтамасын;
- бастауыш сынып оқушылары мен жасөспірім, жеткіншек жастағы оқушылардың психофизиологиялық даму ерекшеліктерін;
- бастауыш, жасөспірім және жеткіншек мектеп жасындағы дағдарыстың белгілерін;
- дағдарыс кезеңіндегі қиындықтарды жеңудің тәсілдерін;
- эмоцияларды сәйкестендіру тәсілдерін;
- жасөспірім және жеткіншек жастағы оқушылармен табысты қарым-қатынас әдістері мен тәсілдерін.

Істей алады:

- балалар дамуының әртүрлі жас кезеңдерінде психофизиологиялық дамудың жас ерекшеліктерін саралай алады;
- әр түрлі жас кезеңіндегі заманауи оқушының әлеуметтік портретін жасай алады;
- эмоцияларды сәйкестендіру және жасөспірімдердің мінез-құлқының себеп-салдарлық байланысын талдай алады;
- қиын таңдау немесе қауіпті мінез-құлық жағдайында жасөспірімдерге кәсіби қолдау көрсете алады.

4-модуль. «Навыки работы с семьей. Кейс-менеджмент в образовательной среде»

Модульдің мақсаттары мен міндеттері

1. Кейс-менеджментті сыныптан тыс жұмыс түрі ретінде пайдалану түсінігін қалыптастыру, білім беру мекемесі жағдайында кейс-менеджмент үдерісін жүзеге асыру үшін қажетті базалық құзыреттіліктерді дамыту;

2. Кейс-менеджмент үдерісіндегі заманауи педагогикалық теориялармен, кезеңдермен және іс-әрекеттер алгоритмімен таныстыру;

3. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру үдерісін оқушылармен және олардың отбасыларымен өзара әрекеттесу жолымен, кейс-менеджмент технологиясы арқылы зерттеу;

4. Қатысушыларды «отбасына араласу» үшін педагогтарға қажетті базалық білім мен дағдыларға (базалық құзыреттер) үйрету.

Бұл модуль оқушылармен және олардың отбасыларымен өзара әрекеттесу жолымен кейс-менеджмент технологиясы арқылы сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді, педагогтарға отбасына араласу үшін қажетті базалық білім мен дағдыларды береді. Модуль сондай-ақ кейс-менеджмент үдерісіндегі іс-әрекеттер кезеңдері мен алгоритмін,

отбасылық жүйеге араласу кезіндегі қиындықтар мен тәуекелдер туралы ақпаратты қамтиды.

Практикалық құралдар қатысушылар өздерінің кәсіби қызметінде қолдана алатын дайын тапсырмалар мен жаттығулармен ұсынылған. Білім беру саласындағы кейс-менеджменттің әдіснамалық негізін қазіргі педагогикалық теориялар: экзистенциализм теориясы, Ури Бронфенбреннердің экологиялық жүйелер теориясы құрайды. Модульде сонымен қатар Ури Бронфенбреннердің экологиялық жүйелер теориясына және Джудит с. Райкустың, Рональд Хьюздың «Балалармен әлеуметтік жұмыстың тұжырымдамалық негіздеріне» сәйкес әзірленген ынталандыру материалы қолданылды.

Күтілетін нәтижелер

Модульдік курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар

Біледі:

- заманауи педагогикалық теория және экологиялық жүйелер теориясының негіздерін;
- білім беру мекемесінің отбасымен өзара әрекеттесуінің базалық қағидаттары деген не;
- кейс-менеджмент технологиясының негіздерін;
- білім беру мекемесі жағдайында кейс-менеджмент үдерісін жүзеге асыру үшін қажетті базалық құзыреттерді.

Істей алады:

- оқушылармен және олардың отбасыларымен өзара әрекеттесу жолымен, кейс-менеджмент технологиясы арқылы сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыра алады;
- педагогтарға «отбасына араласу» үшін қажетті базалық құзыреттерді, отбасылық жүйеге араласу кезіндегі қиындықтар мен тәуекелдерді меңгере алады;
- кейс-менеджмент құралдарын тиімді пайдалану және жағдайды жүргізудің әрбір кезеңінде өз рөлін көре алады;
- білім беру үдерісіне қатысушылармен ынтымақтастықты ұйымдастыру, диагностика жүргізу, психологиялық көмек көрсету/тарту және отбасымен жұмыс істеу кезінде психопрофилактикалық әдістер мен тәсілдерді қолданыла алады.

Учебный план Программы (комбинированный формат обучения)

№	Тематика занятий	Количество часов		Всего
		офлайн	онлайн	

		Лекция	Практическая работа	Самостоятельная работа	Тестирование	
1	Модуль 1 Стигматизация теориясы және оның педагогикалық әдеп нормаларымен/принциптерімен өзара байланысы.	3	3	3	1	10
2	Модуль 2 Эмоциялық интеллект пен эмпатия: стресс пен дамуды басқару негіздері.	3	3	3	1	10
3	Модуль 3 Әр түрлі жастағы балалардың психофизиологиялық және когнитивтік даму ерекшеліктері, балалардың дамуындағы дағдарыстар №	2	3	3	1	9
4	Модуль 4 Отбасымен жұмыс жасау дағдылары. Білім беру ортасындағы кейс-менеджмент	2	3	3	1	9
	Қорытынды тестілеу				2	2
Барлығы		10	12	12	6	40

Учебный план Программы (онлайн формат обучения)

№	Тематика занятий	Количество часов				Всего
		Видео-лекции / Вебинары	Интерактивные задания / Практические занятия	Самостоятельная работа	Тестирование	
1	Модуль 1 Стигматизация теориясы және оның педагогикалық әдеп нормаларымен/принциптерімен өзара байланысы.	2	4	2	1	9
2	Модуль 2	2	5	1	1	9

	Эмоциялық интеллект пен эмпатия: стресс пен дамуды басқару негіздері.					
3	Модуль 3 Әр түрлі жастағы балалардың психофизиологиялық және когнитивтік даму ерекшеліктері, балалардың дамуындағы дағдарыстар.	2	5	2	1	10
4	Модуль 4 Отбасымен жұмыс жасау дағдылары. Білім беру ортасындағы кейс-менеджмент	2	6	1	1	10
	Қорытынды тестілеу				2	2
Барлығы		8	20	6	6	6

Ескерту: 1 академиялық сағат - 45 минут

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары келесі режим түрлерінде ұйымдастырылады:

- 1) КОқу жоспарына сәйкес аралас оқыту форматы. Курстың ұзақтығы 40 академиялық сағатты құрайды, (жаттықтырушымен бірге), қашықтан (порталда), дербес.
- 2) Онлайн оқу. Оқу жоспарына сәйкес қашықтан оқуды (порталда) және өз бетінше, дербес оқуды білдіреді. Бағдарламаның жалпы ұзақтығы 40 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру процесін аралас және онлайн режимдерде ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында қорытынды тестілеу жүргізіледі. Өзіндік жұмыс тапсырмалары мен тест тапсырмалары оқу курсына енгізілген. Қашықтан оқыту <https://smartustaz.kz/>. порталында жүзеге асырылады Білім беру процесі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, практикалық жұмыс, тренинг, кейстерді шешу, видеоүзінділерді талқылау, өз бетінше оқу.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін айқындау үшін бағалау критерийлері мен Бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленген.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

1-модуль. Стигматизация теориясы және оның педагогикалық әдеп нормаларымен/принциптерімен өзара байланысы. Модуль педагогтердің стигма

мәселелерін түсінуін жақсарту, педагогтің этикалық нормалары мен қағидаларымен өзара байланыста стигматизацияның алдын алу үшін қажетті базалық білім мен дағдыларды (базалық құзыреттерді) қалыптастыруға бағытталған.

2-модуль. Эмоциялық интеллект пен эмпатия: стресс пен дамуды басқару негіздері. Модуль эмоционалды құзіреттілік дағдыларын игеру олардың психологиялық мәдениеті мен кәсіби деңгейін арттыру үшін ерекше өзекті болып көрінетін оқу орындарының барлық түрлерінің қызметкерлеріне бағытталған.

3-модуль. Әр түрлі жастағы балалардың психофизиологиялық және когнитивтік даму ерекшеліктері, балалардың дамуындағы дағдарыстар. Оқу модулі жастық кезеңге бөлу мәселесін, атап айтқанда дамудың әр кезеңіндегі дамудың психофизиологиялық және когнитивтік ерекшеліктерін егжей-тегжейлі қарастыруға бағытталған, өйткені қазіргі педагогика оқытудың мазмұны мен әдістерін оларды балалар дамуының жас ерекшеліктеріне байланыстыра отырып қалыптастырады.

4-модуль. Отбасымен жұмыс жасау дағдылары. Білім беру ортасындағы кейс-менеджмент. Модуль кейс-менеджмент ұғымы туралы түсінікті сыныптан тыс жұмыстың нысаны, оның үдерістері және білім беру ортасында қолдану тәсілдері ретінде қалыптастыруға бағытталған.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Қатысушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау критерийлері мен бағдарлама мазмұнын игеру параметрлері әзірленген. Бұл бағдарламада оқыту бағдарламасын меңгеру деңгейін бағалау үшін келесі бағалау критерийлері бар сұрақтар мен тапсырмалардан тұратын қорытынды тестілеу әзірленді:

Тестілеу нәтижесі дұрыс жауап санына байланысты бағаланады, егер қатысушы 100 пайыздан 90-100% - жинаса «өте жақсы», 70-80% жинаса «жақсы», 50-60% - «қанағаттанарлық», 50% - дан төмен ұпай жинаса «қанағаттанарлықсыз» деген баға қойылады.

Тест тапсырмаларын бағалау критерийлері: тақырыпты, өзіндік көзқарасты және мазмұндаманың бірегейлігін көрсететін тапсырманы орындау (кемінде 80%).

Осы бағдарлама аясында тыңдаушылардың практикалық білімін бағалау үшін мынадай құралдар пайдаланылады:

Онлайн интерактивті жаттығулар: Бұл тапсырмалар материалды меңгеру деңгейін бағалайды және қатысушылардың білімін практикада қолдана білу қабілетін тексереді. Қатысушылар нақты жағдайға жақын жағдайларда шешім қабылдап, тапсырмаларды орындауы тиіс. Бағалау жаттығуларды орындау нәтижелері бойынша жүргізіледі, бұл білім алушылардың үйренген тәсілдерді

дұрыс және дәйекті пайдалана алуға қаншалықты қабілетті екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Кейс-тапсырмалар: Тыңдаушыларға нақты проблемаларды талдау және шешу үшін теориялық білім мен практикалық дағдыларды қолдануды талап ететін шынайы орын алған немесе құрастырылған білім беру кейстері ұсынылады. Бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

- Білімін нақты жағдайларда қолдана алу;
- Шешімдердің негізділігі және дәлелділігі;
- Нәтижеге қол жеткізу үшін ұсынылған шаралардың тиімділігі.

9. Курстан кейінгі қолдау

1) Байланыс құралдары:

На Бұл кезеңде курстан кейінгі сүйемелдеу қызметі бағдарлама бойынша оқытатын жаттықтырушылар құрамының қатысушылармен әртүрлі тікелей байланыс құралдары (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер) арқылы өзара іс-қимылын жүзеге асыруды көздейді (Facebook, Telegram, WhatsApp және т.б. www.smartustaz.kz білім беру порталы, мультимедиялық жазбалар және т.б.).

2) Ресурспен қамтамасыз ету:

- Жинаққа/әдістемелік құралға электронды сілтеме;
- Бейнесабақтарға қолжетімділік (www.smartustaz.kz білім беру порталында)

3) Осы салада бағдарлама әзірлеушілер мен сарапшыларымен біріге отырып, педагогтерді ортақ шараларды ұйымдастыруға тарту (вебинарлар, конференциялар, таныстырылымдар, тренингтер, онлайн семинарлар және т.б.);

4) Алған кәсіби тәжірибесін көрсету мақсатында педагогтерді ынтымақтастыққа тарту.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании».
2. Закон Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 293-VI «О статусе педагога».
3. Закон Республики Казахстан от 8 августа 2002 года № 345-II «О правах ребенка в Республике Казахстан».
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988 «Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы».

5. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249 «Об утверждении Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы».
6. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 11 мая 2020 года № 190 «О некоторых вопросах педагогической этики». (Источником выдержек правовых норм в данном учебном модуле является: Информационно-правовая система нормативно-правовых актов Республики Казахстан Әділет (Министерство юстиции Республики Казахстан): <http://adilet.zan.kz/rus>)
7. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 16 сентября 2022 года № 399. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 23 сентября 2022 года № 29767 «Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам и курсам по выбору уровней начального, основного среднего и общего среднего образования».
8. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 24 февраля 2025 года № 31 «Об утверждении Профессиональных стандартов для педагогов организаций образования».
9. Конституция Республики Казахстан (1995).
10. Всеобщая декларация прав человека (1948).
11. Конвенция ООН О правах ребенка (1989).
12. А. Алешина. «Развитие эмоционального интеллекта: 7 способов на каждый день». [эл. ресурс] <https://www.eqspb.ru/o-kompanii/articles/emotional-intelligence-development-day-to-day/>
13. Алимбекова А., Асылбекова М., Утемисова Г., Нургалиева Д. Профилактика буллинга в Казахстане: SWOT-анализ условий возникновения и развития проблемы в общеобразовательных организациях // Вестник НАН РК. 2024. Т. 410. № 4. С. 47–65.
14. Андреева И.Н. Эмоциональный интеллект: непонимание, приводящее к «исчезновению»? // Психологический журнал. Минск. 2006. № 1. С. 28–32.
15. Андреева Ирина. Программа тренинга эмоциональной компетентности. [эл. ресурс] <https://andreeva.by/programma-treninga-emocionalnoj-kompetentnosti.html>
16. Алена Алешина, Сергей Шабанов. Управление эмоциональным интеллектом. [эл. курс] <https://www.coursera.org/learn/emotional-intelligence/lecture/BeaVO/global-naia-drama-emotsional-nogho-intielliekta>
17. Безруких М. Психофизиологические основы эффективной организации учебного процесса. [эл. лекции] Педагогический университет «Первое сентября». <https://25sch.ru/images>

- 18.Бойко В.В. Синдром «эмоционального выгорания» в профессиональном общении. — СПб.: Сударыня, 1999.
- 19.Бочкова М.Н., Мешкова Н.В. Эмоциональный интеллект и социальное взаимодействие: зарубежные исследования // Современная зарубежная психология. 2018. Т. 7. № 2. С. 49–59.
- 20.Виноградов Н.С., Алижанова Х.А., Алиева А.Р. Особенности развития коммуникативности как гибкого навыка будущих педагогов в условиях цифровизации // Проблемы современного педагогического образования. 2022. № 77–4. С. 84–87.
- 21.Гершун В.И. Популярная валеология. Эмоции и здоровье. – Костанай, 2003.
- 22.Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 1995.
- 23.Готтман Дж. Эмоциональный интеллект ребёнка. – М.: МИФ, 2018.
- 24.Дэвид С. Эмоциональная гибкость. Как научиться радоваться переменам. – М.: МИФ, 2016.
- 25.Дирюгина Е.Г. и др. Концептуальные основы программы по развитию личностного потенциала. Методическое пособие. – М.: 2023.
- 26.Думбрэвяну В. и др. Психосоциальные взаимоотношения ребёнок-специалист в социальной сфере. – Кишинев, 2015.
- 27.Дягелец Д. Кого мы учим в школе? Чек-лист эмпатии. [эл. статья] МЕЛ. <https://mel.fm/blog/darya-fedorovna/21560-kogo-my-uchim-v-shkole-chek-list-empatii>
- 28.Жаманчинов А.К. Обеспечение качества предоставления социальных услуг // ОФ «Семейная Академия», ЮНИСЕФ Казахстан, 2018.
- 29.Жаманчинов А.К. Супервизия в стиле WE/ME. – Алматы, 2020.
- 30.Жаманчинов А.К., Ткаченко Н.М., Жургенов Е.А. Школа приёмных родителей: Учебное пособие. – Алматы, 2021.
- 31.Залитинова С.А., Даудова Д.М., Муталимова А.М. Развитие soft skills в процессе подготовки будущих социальных педагогов // Мир науки, культуры, образования. 2022. № 3.
- 32.Кабакова М.П. и др. Психологическая помощь при эмоциональном выгорании: теория и практика. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
- 33.Калинина П.Ю. и др. Особенности формирования инклюзивной компетентности педагога // Педагогический научный журнал. 2025. Т. 8. № 1.
- 34.Космаганбетова Г. ХХІ ғасыр сын-қатерлерін ескере отырып білім беру менеджерлерінің кәсіпкерлік құзыреттілігін қалыптастыру // Pedagogy and Psychology. 2023. № 50.

35. Котомина О.В. Исследование взаимосвязи эмоционального интеллекта и академической успеваемости студентов // Образование и наука. 2017. № 10. С. 91–105.
36. Краснова Н.П. и др. Формирование эмоционального интеллекта и социорефлексии молодых педагогов // Известия ЮЗГУ. Серия: Лингвистика и педагогика. 2023. № 4. С. 203–211.
37. Ларриви Б. Cultivating teacher renewal: Guarding against stress and burnout. – Lanham, MD: R&L Education, 2012.
38. Лахад С. The BASIC PH model // Psychology at School and the Community. 1993. Tel-Aviv.
39. Манойлова М.А. Акмеологическое развитие эмоционального интеллекта учителей и учащихся. – Псков: ПГПИ, 2004.
40. Марша Рейнолдс. Коучинг: эмоциональная компетентность. – М.: 2003.
41. Материалы тренинга по подготовке приёмных семей. Institute for Human Services. Revised 2015.
42. Материалы тренинга: Формирование компетенций работников социальных служб в Европе и Центральной Азии / Школа социальной работы, Колумбийский университет (CSSW), Центр изучения глобального здоровья в Центральной Азии (ЦИГЗЦА), Л. Ким.
43. Маслач К., Шаффели В., Лейтер М. Job Burnout // Annual Review of Psychology. 2001. Vol. 53. P. 397–422.
44. Маслач К., Шаффели В., Лейтер М. Burnout: 35 years of research and practice // Career Development International. 2009. Vol. 14(3). P. 204–220.
45. Матфатов О. Темная сторона эмпатии. [эл. статья] Knife Media. <https://knife.media/dark-empathy/>
46. Мешкова Н.В. и др. Эмоциональный интеллект и социальное взаимодействие: зарубежные исследования // Современная зарубежная психология. 2018. Т. 7. № 2.
47. Моница Г.Б., Лютова Е.К. Коммуникативный тренинг. – СПб.: Речь, 2005.
48. Мукажанова Ф. Теория эмоций Роберта Плутчика. [эл. источник] <https://4brain.ru/blog/emotion-theory-of-robert-plutchik/>
49. OECD. TALIS 2018: Teachers and School Leaders as Lifelong Learners. Paris: OECD Publishing, 2019. <https://www.oecd.org/education/talis/>
50. Панфилова А.П., Михальченко С.С. Развитие эмоционального интеллекта как составляющей социальной компетентности менеджеров // Человек и образование. 2013. № 4.
51. Попандопуло А. и др. Влияние программы повышения квалификации педагогов на развитие метакогнитивных способностей обучающихся // Білім. 2024. № 3.

- 52.Профилактика профессионального выгорания у педагогов: методическое пособие / И.В. Фокина, М.О. Цатурян. – Вологда: ВИРО, 2018.
- 53.Пузикова С.М. и др. Профилактика профессионального выгорания педагогов // КазНУ им. аль-Фараби. Алматы.
- 54.Райкус Дж.С., Хьюз Р. Концептуальные основы социальной работы с детьми. – М.: 2010.
- 55.Рейверс С. A Relational Study of Elementary Principals' Leadership Traits // ProQuest LLC, 2011.
- 56.Рейнолдс М. Коучинг: эмоциональная компетентность. – М.: 2003.
- 57.Роллоф М.Е., Браун Л.А. Extra-Role Time, Burnout and Commitment // Business Communication Quarterly. 2011. Vol. 74(4), P. 450–474.
- 58.Саенко Ю.В. Регуляция эмоций: тренинги управления чувствами и настроениями. – СПб.: Речь, 2010.
- 59.Система Выготского. Обучение и развитие детей и подростков / Касвинов С.Г. – Харьков: Райдер, 2013.
- 60.Скаалвик Э.М., Скаалвик С. Teacher self-efficacy and perceived autonomy // Psychological Reports. 2014. Vol. 114(1).
- 61.Слабинская И. и др. Диагностика психологического здоровья субъектов образовательного процесса // Pedagogy and Psychology. 2023. № 2.
- 62.Смирнова Е. Психологическая диагностика в образовании. – М.: 2021.
- 63.Ткаченко Н.М., Жаманчинов А.К. и др. Школа приёмных родителей. – Алматы, 2021.
- 64.UNESCO & OECD. Education for 21st Century Skills and AI Preparedness. UNESCO Policy Briefs, 2023.
- 65.United Nations. Sustainable Development Goals – Goal 4: Quality Education. <https://sdgs.un.org/goals/goal4>
- 66.World Economic Forum. A Call to Action for the Education Sector: AI and Human Skills. <https://www.weforum.org/agenda/>
- 67.World Economic Forum. Future of Jobs Report 2025 (Draft Highlights). Geneva: WEF, 2024–2025. <https://www.weforum.org/reports/future-of-jobs-report-2025>
- 68.World Economic Forum. AILit Framework. <https://www.weforum.org/ailit-framework>
- 69.Выготский Л.С. Проблема возраста // Собр. соч. Т. 4. М.: 2005.
- 70.Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – М.: 1986.
- 71.Шабанов С. Эмоциональный интеллект. Российская практика. [эл. источник] <https://marketing.wikireading.ru/hOP97Vte5N>
- 72.Шмигирилова И.Б. и др. Сандық буын өкілдері – болашақ педагогтарды оқытудың ерекшеліктері // Вестник КазНПУ им. Абая. 2023. № 3.
- 73.Школа эмоционального интеллекта: практикум. – Алматы, 2021.
- 74.Шутова Е. Влияние эмоций на мотивацию педагогов. – Казань: 2022.

- 75.Ermekbayeva L.K. Развитие эмоционального интеллекта будущих педагогов-психологов // Хабаршы. Психология сериясы. 2023. № 2.
- 76.Mukhametzhanova A., Yestayeva K. Enhancing Emotional Competence among Future Teachers // Труды университета. 2024. № 2. С. 308–313.
- 77.Chang, M. L. An appraisal perspective of teacher burnout // Educational Psychology Review. 2009.
- 78.Durr, T., Chang, M.-L., Carson, R. Curbing Teacher Burnout // Teacher Motivation. Routledge, 2014.
- 79.Farber B.A., Miller J. Teacher burnout // Teachers College Record. 1981.
- 80.Gold Y., Roth R.A. Teachers Managing Stress & Preventing Burnout. – London: Routledge, 2013.
- 81.Herman K.C., Hickmon-Rosa J.E., Reinke W.M. Profiles of Teacher Stress and Coping // Journal of Positive Behavior Interventions. 2018.
- 82.Larrivee B. Cultivating Teacher Renewal. – R&L Education, 2012.
- 83.Marek T., Schaufeli W.B., Maslach C. Professional Burnout. – London: Routledge, 2017.

Корпоративный фонд «Фонд «El Umiti»

Образовательная программа курсов повышения квалификации педагогов
«Психоэмоциональная и этическая компетентность педагога: от понимания к
взаимодействию»

Астана, 2025

Содержание

1. Общие положения	3
2. Глоссарий.....	4
3. Тематика Программы.....	9
4. Цель, задачи и ожидаемые результаты Программы	11
5. Структура и содержание Программы	12
6. Организация учебного процесса	18
7. Учебно-методическое обеспечение Программы	19
8. Оценивание результатов обучения.....	19
9. Посткурсовое сопровождение	20
10. Список основной и дополнительной литературы	21

1. Общие положения

Образовательная программа курсов повышения квалификации педагогов «Психозэмоциональная и этическая компетентность педагога: от понимания к взаимодействию» (далее – Программа) регламентирует обучение педагогов начального, основного среднего и общего среднего образования, специальных организаций и организаций дополнительного образования, технического и профессионального, послесреднего образования, с казахским и русским языками обучения.

Современные вызовы требуют от педагога не только предметной подготовки, но и развитого эмоционального интеллекта, гибкости в общении, умения работать с различными возрастными и социальными группами учащихся, поддерживать конструктивные отношения с семьями обучающихся и коллегами. В условиях роста психологических нагрузок и социальной напряженности особенно важно, чтобы педагог обладал навыками управления собственным состоянием, мог осознанно выстраивать взаимодействие, избегая стигматизирующих практик и нарушений этических норм.

Актуальность программы подтверждается как международными исследованиями, так и стратегическими государственными документами. Согласно международному исследованию TALIS (OECD), педагоги во многих странах указывают на потребность в развитии эмоциональной компетентности, умении работать с поведением учеников, снижении уровня профессионального выгорания и укреплении школьного климата. Цель 4 Повестки устойчивого развития ООН подчёркивает необходимость инклюзивного, справедливого и качественного образования, а также развития профессионального потенциала учителей как одного из ключевых факторов устойчивого развития общества.

